

БЕКІТЕМІН
«Гайтөбе ауылының
ЖОББМ» КММ директоры
Г.С.Алиева *Г.С.Алиева*
«09» 09 2026 жыл

МЕКТЕП МЕДБИКЕСІНІҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Қызметкерлер мен оқушылардың міндетті түрдегі алдын ала және кезекті медициналық байқаулардан (тексерулерден) өтуін ұйымдастырады және жауап береді. Олардың тізімін жасайды.
- Салауатты өмір салтын, дұрыс тамақтануды насихаттайды. Оқушылар арасында лудомания, нашакорлық, ішімдікке салыну, вейп және темекі тарту көріністерінің алдын алу бағытында профилактикалық жұмыстар жүргізеді.
- Санитарлық-эпидемиологиялық заңнамалардың сақталуын ұйымдастырады, өндірістік бақылау жоспарын әзірлейді.
- Оқу кабинеттерінің, спорт залдарының, асхана мен буфеттердің қауіпсіздік және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкестігін күнделікті бақылайды.
- Ас дайындау блогында тағам әзірлеу технологиялық карталарын тексереді. Физиологиялық тұтыну нормаларын есепке ала отырып (калориялығы мен химиялық құрамы), перспективалық және күнделікті мәзірлерге қол қояды. Ас блогы қызметкерлерін күнделікті тексеруден өткізеді (іріңді аурулардың жоқтығына).
- Ауырып немесе жарақаттанып қалған балалар мен қызметкерлерге алғашқы медициналық жәрдем көрсетеді. Бұл туралы басшылыққа және ата-аналарға хабарлап, қажет болғанда жедел жәрдем шақырады.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналында және басқа да ақпараттық жүйелерде оқушылардың денсаулығына байланысты сабақ босатулары немесе карантиндік шектеулер туралы мәліметтердің уақтылы сынып жетекшілеріне жетуін үйлестіреді.
- Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша профилактикалық егу талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, егу күнтізбесін жүргізеді. Карантин кезінде балаларды күнделікті сүзгіден (филтрден) өткізеді.
- Дәрі-дәрмектердің, алғашқы көмек қорының және медициналық жабдықтардың дер кезінде алынуын, жарамдылық мерзімін және дұрыс сақталуын қамтамасыз етеді.
- Қажетті медициналық есепке алу және есеп беру құжаттамаларын (оның ішінде электрондық денсаулық сақтау жүйелерінде) қатесіз жүргізеді.

Білуге міндетті:

- ҚР денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерін, білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды.
- Алғашқы медициналық көмек көрсету, дәрі-дәрмектерді сақтау және егу жұмыстарын ұйымдастыру ережелерін.
- Еңбек және оқу процестерінің қауіпсіздік жағдайларын, жұмыс орындарындағы санитарлық нормаларды.
- Электрондық құжат айналымы және медициналық ақпараттық жүйелер негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Медициналық орта (кәсіптік) немесе жоғары білім ("Мейірбике ісі", "Емдеу ісі").
- Тиісті маман сертификатының болуы.

Таныстым:

А.Ж. Асқабайева А.Ж.